

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасында
Кәсіпкерлік саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум
жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1181 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Кәсіпкерлік саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумның жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі Болат Советұлы Смағұловқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасында Кәсіпкерлік саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия
Республикасының Үкіметі арасындағы Кәсіпкерлік
саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы
меморандум**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі,

кәсіпкерлікті қолдай және дамыта отырып, экономикалық ынтымақтасты бұдан әрі нығайтуға және дамытуға ниет білдіріп,

теңдік пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарын сақтай отырып және Тараптар мемлекеттері ұлттық заңнамаларының нормаларына сүйеніп,

осы ынтымақтастық өнеркәсіптің дамуы үшін де, елдер арасындағы байланыстарды қарқындату үшін де зор мүмкіндіктер туғызатынын пайымдай отырып,

екі елдің экономикасында шағын және орта кәсіпорындардың әлеуметтік және экономикалық рөлінің маңыздылығын ұғына отырып,

Тараптар мемлекеттерінің арасында кәсіпкерлікті одан әрі дамыту үшін

ынтымақтастықта өзара мүддені ескере отырып ,
екі елдің арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастық саласын кеңейту мен шағын
және орта кәсіпорындарды құру мен нығайту, инновацияларды енгізу жолымен жеке
секторды дамытуға ұмтыла отырып ,
мына мәселелер бойынша осы Меморандумды жасасты:

1-бап

Т а р а п т а р :

- 1) орта және шағын кәсіпкерлікті (бұдан әрі - ОШК) дамыту саясатына бағытталған өзара ноу-хау алмасу үшін тараптар арасындағы қарым-қатынастарды және ынтымақтастықты нығайту;
- 2) ОШК-ны қолдайтын ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- 3) жаңа кәсіпорындар құру және қазіргі барларын дамыту үшін бағдарламаларды, аспаптар мен әдістерді айқындау;
- 4) халықаралық стандарттарға сәйкес кәсіпорындарда технологияларды жетілдіруге және инновацияларды енгізуге бағытталған ықтимал тәсілдер мен аспаптарды айқындау;
- 5) өнеркәсіп, сауда, инвестициялар мен ғылым салаларында тең құқық, әріптестік және өзара тиімділік негізінде өзара ынтымақтастыққа қол жеткізу;
- 6) қызметтің жекелеген өңірлері мен секторларына енгізу үшін арнайы жобалар әзірлеу;
- 7) адами ресурстарды, олардың кәсіби сапасы мен әлеуетін дамытуды айқындау;
- 8) ОШК-ны дамытуға және деңгейін арттыруға бағытталған ықтимал қаржылық қолдауды айқындау мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

2-бап

Осы Меморандумның ережелерін орындау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өздерінің өкілеттіктері мен құзыреті шегінде және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес тікелей ынтымақтасатын болады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары:

- 1) Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
- 2) Италия тарапынан - Италия Республикасының Өндірістік қызмет министрлігі болып табылады.

Құзыретті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар бойынша уақтылы хабардар етілетін болады.

3-бап

Тараптар мынадай қызметті жүзеге асырады:

- 1) жұмыс бағдарламасын егжей-тегжейлі айқындау;
 - 2) қолданыстағы бағдарламалардың экономикалық және заңнамалық мазмұнын талдау және Тараптар мемлекеттерінің қоғамдық және жеке ұйымдарына тартылған тараптармен кездесулер және жұмыс сессияларын ұйымдастыру жолымен дамудың сыни факторлары мен перспективаларын сәйкестендіру;
 - 3) жекелеген жобалардың уәжді таңдауын алу үшін аумақтық және секторлық б а с ы м д ы қ т а р д ы а й қ ы н д а у ;
 - 4) бүкіл процесті үйлестіру мен дамыту мақсатында, сондай-ақ семинарлар, жұмыс сессияларын, тәжірибе алмасуды, жұмыс сапарларын және т.б. ұйымдастыру жолымен жаттықтыру бағдарламаларын белгілеу және іске асыру үшін Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті о р г а н д а р ы н а й қ ы н д а у ;
 - 5) ОШК-ны құру және дамыту жөніндегі жергілікті жобаларды бірлесіп айқындау мақсатында мүдделі ұйымдардың ішінен топтар "мақсатты топтар" құру;
 - 6) мыналарға бағытталған пилоттық жобаларды жүзеге асыру:
 - жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен әлеуетті кәсіпкерлерді қолдау және дамыту;
 - жұмыс істеп тұрған және әлеуетті кәсіпкерлерді дербес қолдау жөніндегі мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
 - компанияларға диагностика жүргізу және кәсіпорындарды техникалық әрі ұйымдық жетілдіру бойынша кейіннен курстар өткізу;
 - екі елде ОШК-ны келісе дамытуға арналған құрал ретінде бірлескен Қазақстан-Италия кәсіпорындарын құру.
- Пилоттық жобалар мынадай кезеңдерден өтетін болады:
- жобаны әзірлеу кезіндегі сүйемелдеу;
 - жобаны бағалау және оның техникалық, экономикалық және қаржылық негіздемесін (бизнес-жоспарын) дайындау;
 - жобаны бастапқы қолдау және үйрету мақсатындағы қолдау;
 - қаржылық ресурстарды айқындау кезіндегі көмек;
 - жобаны іске асырудың мониторингі.
- 7) жүргізілген іс-шараларды және қол жеткен нәтижелерді бағалау, келесі ықтимал қ а д а м д а р д ы а й қ ы н д а у ;
 - 8) нәтижелер туралы ақпарат беру.

4-бап

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөз жолымен шешетін болады.

5-бап

Осы Меморандумның ережелерін іске асыру Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

6-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Тараптар, егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, осы Меморандумды орындаумен байланысты барлық шығыстарды дербес көтереді.

8-бап

Осы Меморандум оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарлама алынған күнінен бастап күшіне е н е д і .

Осы Меморандум белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптан оның осы Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2004 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ, итальян, орыс және ағылшын тілдерінде, екі түпнұсқалық данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Италия Республикасының
Үкіметі үшін